

повышения качества обучения и преподавания, достижение учениками более высоких показателей.

В результате внедрения новых подходов в преподавание и обучение в работе сертифицированных педагогов и педагогического коллектива произошли следующие изменения:

1. Рост качества знаний учащихся во II четверти в сравнение с I 2015-2016 учебного года составляет 3,5%;
2. Положительная динамика роста призеров олимпиад, НОУ, интеллектуальных игр;
3. Повышение интереса учащихся к урокам, проводимым с учетом новых подходов в преподавании и обучении;
4. Повышение познавательной активности учащихся по мере их взросления;
5. Наличие креативной образовательной среды, дающей возможность творческой самореализации субъектам образовательного процесса-учащимся и педагогам.

Вывод. В результате деятельности сертифицированных учителей наблюдается рост качества преподавания и обучения. Учителя активно осваивают методы организации рефлексии учащихся на уроках и саморефлексии в отношении собственной педагогической практики. Учебные достижения имеют продуктивный характер, а реальный учебный процесс характеризуется активной деятельностью учащихся по самостоятельному поиску знаний на каждом уроке. Учителя являются наставниками, проявляя умения делиться педагогическими находками, сотрудничать с коллегами, создавая или развивая нечто новое. Педагоги объединяются в сетевое сообщество, что способствует профессиональному развитию педагогов.

Безусловно, вся деятельность, которая в школе педагогами по внесению изменений в практику школы, осуществляется командой развития, которая является генератором идей. Успех практики зависит от вклада каждого, поэтому, все участники образовательного процесса должны быть заинтересованы в освоении новой информации, в совместном решении поставленной перед ними задач.

Список литературы:

1. Послание президента «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», 2014 года
2. Руководстводляучителя, Второй (основной) уровень, 2013 г., стр. 234
3. Руководство исследование LessonStudy, стр. 33

Абдиркенова Ақбидаш Қапанқызы
КГПИ, аға оқытушысы, магистр
Ильясова Гульмира Қапсабитқызы
№11 мектеп директоры
Қостанай қ-сы

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫ БАЙЛЫҚ

АННОТАЦИЯ

Халық тәрбиесіндегі маңызды мәселелер жайлы айтқан ақын, ғалымдардың көз-қарасы. Ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асуының тиімділігі. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-бабамыз асыл сөздің кестесімен саби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетелейтіні баяндалған.

Түйінді сөздер: ұлттық тәрбие, ұрпақтың тәрбиесі, ұлттық рух

АННОТАЦИЯ

Взгляды ученых, поэтов рассматривавших важные проблемы народного воспитания. Эффективность внедрения национального воспитания в учебно-воспитательную работу школы. В

статье изложено как наши предки, уделявшие особое значение воспитанию подрастающего поколения, с помощью мудрых слов воздействовали на нравственное воспитание.

Ключевые слова: национальное воспитание, воспитание поколений, национальный дух

ABSTRACT

The views of scientists and poets considering the important problems of national upbringing. The effectiveness of the adoption of national bringing up in educational work at school. This article considers our ancestors influenced moral upbringing granting their attention to growing generation with the help of wise words.

Keywords: national upbringing, generation upbringing, national mind

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрлерді, адамгершілік асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыру, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондай-ақ ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, қазақ халқының ұлттық тәрбиесі, халықтық педагогиканың тағдыры мен болашағы да жоғары оқу орнынындағы мамандар тәрбиесіне тікелей байланысты болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемдегі теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде бастауыш сыныпта атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақша, мектептерге ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [1].

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар.

Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық, кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. «Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз» [2], -деп, жаһандану дәуірінде ұлт ретінде жұтылып кетпеу үшін С.Пірәлиевтің пікіріне де мән беру абзал.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақ» деді емес пе?! Демек, біз, кейінгі ұрпақ қазақ деген намысшыл халық екенімізді естен шығармай, тарихи тұлғаларымызды мақтан тұтуымыз керек.

Елбасының Ұлытау сапарындағы «...Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз» [3] дегені үлкен еменнің тамыры

тереңде болмаса, үлкен дауылға шыдап тұра алмайтынынан хабар берсе керек. Ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізді, тарихымыздағы ұлы жәдігерлерімізді ұрпақ санасына сіңіру басты мәселе, әрі үлкен жауапкершілікті іс.

Ұлттық тәрбие атауын өздерінің докторлық диссертацияларында Қ.Бөлеев пен К.Оразбекова енгізіп, өзекті мәселе ретінде қарастыру қажет екенін дәлелдеді. Қ.Бөлеевтің айтуынша: “ұлттық тәрбие терминін ендіру педагогика ғылымында өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. Ұлттық тәрбие – жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы.” - деп, анықталады [63,76-329]. Ғалымның ойынша ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың тиімділігі – болашақ мұғалімдерді, білікті тәрбиешілерді және олардың білімдерін қайта даярлау мен жетілдіру жұмыстарына арналған арнайы бағдарламалар мен нақты шараларды қолға алғанда артады деп топшылайды.

К.Оразбекованың пайымдауынша ұлттық тәрбие – болашақ қоғамымыздың құрлысшыларын дайындайтын дарынды, парасатты, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды қалыптастырудың негізі болуы шарт деп санайды. Ол: “..ұлттық тәрбиенің тәлімдік негіздері Адам атадан бастау алып, бүкіл өмірі-өлеңге, өлеңі-өмірге айналған жыраулар арқылы жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды...”,-деп, ұлттық тәрбиенің бүгінгі таңда ұлттық идеологияны қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын атап өтеді [64,28].

Байқап отырғанымыздай, ұлттық тәлім-тәрбие жөнінде екі ғалымның түпкі мақсаттарының бір екенін көріп отырмыз. Негізінде ұлттық тәрбие дүниесінің халықтың рухани-мәдени мұраларымен тығыз байланыста дамып келгенін ескере, отырып, ғалымдар анықтап кеткендей ғылыми педагогиканың өзекті бір саласы екендігі туралы қоғамдық пікірді барынша дамыта түсу керек деп санаймыз.

Жоғарыда аталған ғылыми еңбектерді талдай және оған негізделе отырып, біз мектептегі оқушылар ұжымында ұлттық тәрбие құндылықтарын пайдалану мен жүзеге асыру ісін кешенді түрде жүргізу қажет деп санаймыз.

М.Ғабдуллин айтқандай ұрпақ тәрбиесі жөніндегі халықтың “ой-армандары” – уақыт өте келе озық тәжірибелерге ұласып, халықтың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрыптарымен, ой-пікірлерімен, кәсіптік-интеллектуалдық жетістіктермен байланысып, сараланып, жинақталып және реттеліп отырды. Тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын, адамзат перзенті ата-бабалары мирас етіп қалдырған – асыл қасиеттерін пайдаланбай, қастерлемей бөлек ғұмыр кешкен емес. Ұрпақ танымы үшін өткен ата жолы мен бабалар жұрты, аманаты мен өсиеттері, киелі ұғымдары мен даналық ұлағаттарынан артық дүниенің жалған екені туралы мәңгілік қағида – халық философиясының бастауы екені хақ.

Халық өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесін дұрыс түсінген. Халықта айтқандай: «Тәрбие – құнды байлық», түркімендер бұл ойды былай айтқан: «Бала – қазына, тағы үлкен қазынасы – оның тәрбиесі».

Бұл өте дұрыс, себебі жас ұрпақтың тәрбиесі – халықтың ең қымбат байлығы. Тәрбие адамдардың пайда болуымен бірге туындаған. Тәрбие – ізгілік категориясы. Ол адами қоғамның дамуымен бірге дамып және өмір сүреді. Халық баланың мінез-құлық кемшіліктері – бұл тәрбиені дұрыс бермеу нәтижесі деп есептеген. «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық сала рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек» - деген Елбасының сөзі ұлттық тәрбиені күшейтуде халық педагогикасының орны ерекше екенін байқатады.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып

жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші – мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету – басты міндетіміз [5].

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы», – деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұлттық тәрбиенің құдыретін қанша айтсақ та, түгесу мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері бала кезден, бұла кезіңнен бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат..

Тарихтың даму белестерінде әрбір халық саяси – әлеуметтік, мәдени және идеологиялық жағдайына сай рухани –дәстүрлік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оны ұрпақтар игілігіне қалдырып отырады. Оның орнықтылығы әрі тереңділігі, мәнділігі қоғамның бетке ұстаған саяси және тәрбиелік бағдарына келіп тіреледі.

Ұлттық психологияның түп тамыры халқымыздың тарихы, өмір сүрген ортасы мен мәдени дәстүрінде жатыр. Қай кезде болсын шәкірттің, жас буынның өнеге тұтар, өзіндік тәлім-тәрбиесі болған. Сондықтан да болашақ ұрпақтың сана-сезімінің халық салт-дәстүрімен сабақтастыру бүгінгі психологиялық тәрбиенің өзекті мәселесі.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылық пен мейірімділік, имандылық пен инабаттылықты дәріптейді. Ата-бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдетке баулыған.

«Үлкенді сыйла, сәлем бер, жолын кеспе», «Өтірік айтпа» деген сөздердің мәні ешқашан жойылмақ емес. «Жігітке жеті өнер де аз», «Қызға қырық үйден тыйым», - деп ұлдың да, қыздың да өнерлі, өнегелі жан болуына жол сілтеген.

Жоғары да айтып кеткендей, ұлттық қасиетті қалыптастыратын рухани құралдар: тіл, ойлау қабілеті, салт-дәстүр, тәрбие, психология. Бұл ұғымдар бір-біріне тәуелді.

Тіл – ойды жүйелеуші, демеуші болса, тәрбие – психологияны қалыптастырушы. Салт-дәстүр ұлттың өмір сүру дағдарысы, ұлттық психология-халықтың табиғи даралығы.

Халқымыздың талайды тамсандырған:үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, бауырмалдық қасиеттерін танып білуіне баулу – ұстаздың басты міндеті. Мың жылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын өмірде, отбасында, тұрмыс-тіршілікте батылдық пен батырлыққа, әділдік пен адалдыққа махаббат пен ізгілікке, иба мен иманға үздіксіз тәрбиелеп отырған. Бұрын ата- әже тәрбиесіне көп көңіл бөлініп, баланы отбасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген.

Ұлттық тәжірибеміз отбасынан басталып, кейін де жалғасын тауып жатса, қазіргідей қазақ халқының қанында жоқ, ата-баба тәрбиесіне жат өзін жарық дүниеге әкелген анасын, әлпештеп өсірген асқар тауы әкесін қарттар үйіне өткізген, нашақорлық пен маскүнемдікке салынғандардың шаңырағы ортаға түспес еді. Атам заманнан жалғасып ар- ұжданымызға ұялаған қанымызға сіңген қастерлі қазақ салтын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мұра ретінде кейінгі ұрпаққа қалдыру – бәріміздің де борышымыз. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-бабамыз асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетелейді. Сондықтан кең байтақ ата жұрттан ертеден жас буынға жалғасып келген ар-ұят сақтау, мейірімді, шарапатты болу салтанатын құрды. Ұнасымды қарым-қатынас жасай білу. Бұл адамзат баласының әу бастан өз өміріне серік етіп, ұғыныса, сыйласа, тіршілік құру сапарында алға ұстап келе жатқан әдеп салттарының ең көкейкестісі. Адамдар өздерінің арасында тату, кішіпейіл, өресі деңгейлес қатынастардың тату болғаны жөн екендігіне

ежелден-ақ ден қойған. Дәстүрге арқа сүймегеннің көсегесі көгермейді деген атамыз. Яғни отбасы ауыл-аймақ, көпшілік, қоғам болып адамдарды тәрбиелеу қазақ халқының өмірінен өзекті орын алған. Салт-санасы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы осы мақсатты іске асыруға бейімделе жүргізілген. Ұлттық табиғатымызға сай келмейтін педагогикадан гөрі халық педагогикасының маңызы зор. «Жақсы тәрбие сенің тұздықты дастарханға төгіп алмағаның емес, басқа біреу солай істегенде, оны сенің байқамауың» деген екен А.П.Чехов. Олай болса, қасиетті қасиеттесек қана қасиет екенін естен шығармайық.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабақ үрдісінде оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабақ үрдісінде оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
2. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан»
3. Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса... – Алматы, 2006. – 138 б.
4. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснамасы, теория, тәжірибе- Алматы, 2013

Айдналиева Назгүл Аманжолқызы

педагогика ғылымдарының кандидаты,

психология-педагогика факультетінің деканы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АННОТАЦИЯ

Берілген мақалада ЖОО-дағы болашақ мұғалімдердің ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда патриоттық тәрбиенің ролі қарастырылады. Этнопедагогикалық мәдениет пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің өзара байланысы көрсетілген.

Патриоттық тәрбие, ұлтаралық қарым-қатынас, жоо-ғы тәрбие, тәрбиелік іс-шара, этнопедагогикалық мәдениет.